



ЖСҒАТТІСА

шығыласты

№№ 12-13 (8900-8901)

жұма 1 сәуір
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ТИН
Елдегі агроөнеркәсіптік кешеннің ілгері дамуына жан-жақты қолдау көрсетіліп, жүйелі жұмыстар атқарылатын болады.

ИНВЕСТИЦИЯ ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

Сәйкесінше, келер жылы субсидиялау жүйесі жаңартылып, аталмыш бағытқа қосымша 388,2 млрд. теңге қарастырылмақ. Сондай-ақ, алдағы бес жылда 600-ге жуық инвестициялық жоба жүзеге аспақ. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің Қапшағайда өткен алқалы жиынында айтылды.

Шаруалар үшін маңызды көктемгі дала жұмыстарының қарсаңында өткен жиналыста, су тапшылығы мен тарифінің өсуі, ауыл шаруашылығына қажетті техника мен таңайтқыштардың бағамының артуы сынды мәселелер көтерілді. Маңызды мәжілістің басты спикері Ербол Қарашөкеев субсидиялау жүйесіндегі жаңа реформа келер жылдың басында іске қосылатынын жеткізді. Ал биыл, ішкі нарықтың тұрақтылығын сақтау үшін агроөнеркәсіптік кешен саласында субсидиялау өзгеріссіз қалады.

Естеріңізге саламыз, ағымдағы жылы аталмыш саланы қолдауға 309 млрд. теңге қарастырылған болатын, енді аталған сомаға үстеме 388,2 млрд теңге қосылмақ. Бұл шара тікелей Мемлекет басшысының тапсырмасының аясында жүзеге асырылады. Ендігі кезекте қазынадан 63 млрд. теңге ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, суландыру жүйесін, жылжымайтын кешенін, сүтті қайта өңдеу объектілерін құру үшін инвестициялық субсидиялауға бөлінгенін атап өткен жөн.

Министрдің сөзінше, бұрын күші жойылған жұмыртқаларды субсидиялау бағдарламасы жалғасын табады, ал жұмыртқа бағытындағы өнеркәсіптік құс шаруашылығының барлық субъектілері үшін субсидиялау нормативтері бірдей болып, 2 еседен жоғарылатылады, яғни, бір жұмыртқа 3 теңгеден бағаланбақ.



Осыған қарай бюджеттен 7,5 млрд. теңге бөлінеді деп күтілуде.

Субсидиялаудың жаңа жүйесінің басты жаңалықтарының бірі - цифрлық форматқа көшіру. Қазіргі уақытта субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін әзірлеу аяқталуда.

Бұл дегеніміз - жұмыс заманға сай жүргізіліп, қағаз бастылықтан арылып, мәселенің бір мезетте шешілуіне жол салу.

- Бүгінгі күні басым міндеттердің бірі егіс науқанын уақтылы және сапалы жүргізу болып табылады. Сонымен, қазіргі таңда техника дайындығы 96 пайызды құраса, көктемгі дала жұмыстары жаппай жүргізіле бастаған уақытқа 100 пайызды құрамақ, - деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Жалпы, әкімдіктердің министрлікке берген деректері бойынша 2022 жылы жалпы егіс көлемі 23,1 млн гектарды құрайды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 125 мың гектарға көп. Тұтастай алғанда, көктемгі дала жұмыстарына дайындық мәселесі жоспарлы түрде жүріп жатыр. Алқалы жиында, өңір басшысы Қанат Бозымбаев, «Ислам даму» банкі арқылы Ескелді және Ақсу аудандарының ирригациялық жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Облыс әкімі үстіміздегі жылы су үнемдеу технологиясы алаңын 27 мың гектарға жеткізу қажеттігін айтты. Оның айтуынша, аймақта бұдан басқа көптеген жобалар қайта түзетуге жатады. Басты себеп - қаржыландырудың уақытылы жүзеге аспауы. Алдағы таңда осы және өзге де түйткілді істердің күрмеуі шешілмек, ол үшін келер бес жылда агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің импортын алмастыру және экспортын дамыту бойынша 4,1 трлн. теңге сомасына кемінде 582 инвестициялық жобаны іске асыру көзделуде. Жауаптылардың сөзінше, аталмыш шараларды қабылдау ауыл шаруашылығы дамуының орнықтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

КҮЛТӨБЕ

ЕЛДІ МЕКЕН ТҰРҒЫНДАРЫ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕНІ ҚАУЗАДЫ

Наурыз мерекесі қарсаңында аудан әкімі Рустам Али жоспарға сай бірнеше елді мекенге ат басын бұрып, ондағы тұрғындармен кездесті.

Әуелі аудан басшысы Қоңыр ауылдық округіне қарасты Ағамалы ауылына табан тіреді. Мұндағы ағайын әкімге елді мекендегі өзекті мәселелерді көлденең тартты. Сапалы ғаламтордың қолжетімсіздігі, егінге қажетті ағын судың тапшылығы, жол жөндеу және ауыл ішін абаттандыру мәселесі күн тәртібіне көтерілді. Аудан әкімі өз кезегінде ел президентінің дәстүрлі Жолдауындағы маңызды механизмдерге тоқталып, ауданда өткен жылы атқарылған жұмыстар мен биыл жүзеге асуы тиіс жоспарларды пысықтады. Үстіміздегі жылы атқарылар ауқымды шаруадан алмалылықтар қалыс қалмайды. Мұндағы Центральная көшесін орташа жөндеуге жобалық-сметалық құжаттарын даярлауға сұраныс берілген. Суармалы егістікті сумен қамтуға науалық желіні жөндеу жұмыстары да пысықталу үстінде. Ал ғаламторға қолжетімділікті жүйелеу үшін антенна-дінгек орнатуға демеушілер мен тәуелсіз қаржы көздері қарастырылып жатыр екен. Келелі кездесуде ауыл тұрғындары сүбелі жұмысқа разылығын білдірді.

Мұнан соң аудан басшысы Ақын Сара ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Келелі кездесуде ауыл тұрғындары елді мекенді абаттандыру, жайылымдық һәм егіндік жер жайында мәселе қаузады. Сондай-ақ, «Рыспек» ЖШС және «Қапал» ӘКК құқық белгілеуші құжаттарын қарау бойынша да ұсыныс білдірді. Өз кезегінде аудан әкімі округке қарасты Ақешкі елді мекенін ауыз-сумен қамту жайына тоқталды. Алдағы уақытта ақешкіліктер таза ауызсудан таршылық көрмейді. Бүгінде құрылыс жұмыстары 90 пайыз орындалған. Мөрдігер «Монолит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі су желісін орнату бойынша жұмыстарды мерзімді аяқтайды деп күтілуде. Ақын Сара ауылындағы Біржан Сал көшесінің орташа жөндеуін аяқтау үшін бюджеттік өтімін берілді. Ақын Сара, Ақешкі, Ақтұма және Тамбала ауылдарының көшелерін жарықтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жалпы пайдалану үшін биылғы жылы ауыл тұрғындарына 3 мың гектардан астам жайылымдық жерлерге тағы 900 га жер бөлінді. Келелі кездесуде аудан басшысы ел президентінің биылғы һәм дәстүрлі Жолдауы жүктеген ауқымды жұмыстар барын баяндап, «Жаңа Қазақстан» құру үшін бірлікпен тірлік етуге шақырды. Ауылдық округ тұрғындары аудан басшысына разылығын жеткізді.

МЕРІ
Бұл ән бұрынғы өннен өзгерек. Мұны бізге дейінгілер айтып кетіпті, тек біз орайында қолданып отырмыз. Шынын да бұл ән бұрынғы өннен өзгерек. Қай ән деуіңіз заңды. Әз-Наурызды тойланғанда шырқалған ән де, күй де, би де өзге болды. Оның да өз жөні бар.

САҒЫНА ЖЕТКЕН ҰЛЫҚ КҮН

Ұлыстың ұлы күнін ескелділік ағайын 18-наурызда бастады. Аспаннан жауып, жерден бораған, басқан жердің бәрін сықырлатқан жазғытұрымның ақша қары да ұлық мерекені қарсы алуға кедергі болмады. Ауа райы қолапайсыз болса да, жұрт жанында жадыраған жаз. Табаннан өткен сөз да, малмандай болған киім де ештеңеге кедергі болмады. Аудан әкімдігі бастамашылы болып, дербес бөлімдер қостап, әкімдік жанына тігілген ақшақай киіз үйлердің жанында қазан-қазан наурыз көже қайнап, жез самаурындар бұрқ-бұрқ еткен көк түтінін аспанға атып, буы бұрқанған сап-сары бауырсақтар дастарқан бетінде тулады. Жапалақтай жауған қарға, жер-Ананың бауыры жіпсіп, төбеден түскен қар лезде жылға қуалаған су да аудан өнерпаздарының ән мен күй шашуына шашау жұқтырмады. Бастысы екі жылдық сағыныш ештеңеге кедергі келтірмеді. Ең қызығы алтыбақан теп-кен жастардың жайдары күлкісі мен жамырай мамырлатқан Наурыз жыры құдды әлемді тербеткендей әсер қалдырды. Бәрі сағыныштың табы.



Бәрі сағыныштың өні. Зарықтырған, сағындырған Наурыз-думанның шымылдығын аудан өнерпаздары ашты. Бұлбұлдай сайраған әншілер жыл басын өнмен қарсы алды. Ән бар жерде жан бар. Жан бар жерде ән бар. Несібені көктен тілеген. Көк Тәңірдің жарылқап, жер-Анадан ырызғыны мол беруін сұрап, Жаратушыға жалбарынған асқақ тілеуден басталған шараның тізгінін аудан әкімі Рустам Али алып, ұлық мерекеге деген алғаусыз алғысы мен елағасы ретіндегі өлке жұртшылығына тілеуестігін жеткізді. - Көктемде көктен жауғанды Нұрға балайды дана қазақ. Мүмкін қар, мүмкін жаңбыр жауар, бастысы жыл басын қарсы алған сәттегі елдің көңілі ерек. 18-наурызда ұлттымыздың ұлық мерекесін қарсы алуды алғаш болып бастап, өзге аудандарға мерейлі мерекені жақсы өткеруі үшін эстафетамызды бастадық. Бастысы өз-Наурыз мерекесі құт болып келгей. Жыл басы жақсылығымен, табысымен келсін. Өткен жылы елдің жайы жаман болмады. Тек еліміздің іргесін бұзбаққа ұмтылған қаңтардағы лаң болмаса, еліміз дамудың жаңа белесіне көтеріліп келеді. Мұны ел президенті Қ.Тоқаев 16-наурыздағы дәстүрлі Жолдауында нығырлай айтты. Елдің амандығы, бірлігі, болашағы жолында ешкім аянып қалмауы тиіс. Өйткені, бұл ел балалардан бізге аманат, - деді аудан әкімі.

Басы 1-бетте.

◀ MEREI

◀ ÖRIS

САҒЫНА ЖЕТКЕН ҰЛЫҚ КҮН

КЕЛІНДЕР САЙЫСЫ ӨТТІ

Мерейлі мереке қарсаңында аудан басшысы жанына мәслихат хатшысын шақыртып, жаңа жыл қарсаңында өлкеге елеулі еңбек етіп, талай жастың қанатын қомдаған, ұлағатты жандарға ауданның құрметті азаматы атағын табыстады. Мұндай құрметке Көкжазық ауылының тұрғыны, аудандағы төрт түлік атаулының амандығы үшін күрескен Әпсемет Ақшолоақов пен өлкенің тынысын ашуда сүбелі еңбек етіп, бүгінде ата кәсіпті жандандырып отырған «Санжар» жеке қожалығының басшысы Жанатбек Сарғалдақов ие болды. Аудан әкімі мұнан соң елдің іргесін бүтіндеп, өлке әлеуетін көтеріп жүрген бірқатар азаматтарға алғыс білдірді. Мәселен, Бейбіт Сейтбаевке Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы, Әлия Қызылбаеваға атаулы министрліктің алғыс хаты, Раушан Мейрбековаға, Назигүл Мұқажановаға, Клара Укешоваға, Татьяна Погореловаға, Сая Әбіловаға білім басқармасының құрмет грамотасы табысталса, үстіміздегі жылы Иордания королдігінде өткен жастар мен жасөспірімдер арасындағы бокстан



Азия біріншілігінің жүлдегері Құралай Егінбайқызы мен Алматы облысының 90 жылдығына орай ұйымдастырылған Ұлттық ат спорт түрлерінен ересектер арасында Алматы облысының чемпионатында II орын алған Ескелді ауданының көкпар командасына аудан әкімінің алғыс хаты табысталды. Әкім марапатын үстіміздегі жылы Бішкекте өткен «Бала-чак – 2022 байқауында бас жүлдені қанжығасына байлаған «Айана би» ансамблі де иемденді.

Мұнан соң аудан өнерпаздары сахна төрінде мерекелік көрініс қойып, артын думанға ұластырды. Бұл думанға Текелі қаласынан Жасұлан Бүркітбайұлы арнайы келіпті. Дала тағыларын баулуды тіршілігіне арқау еткен көнігі құсбегі ұлттық киіммен келіп, шараның сәнін кіргізді. Томағалы қыран, жетектегі тазысын талай жұрт тамашалады. Қыранның аты – Айқабак, тазының аты – Алыпсоқ екен. Атауына заты сай тағылардың иесі мерейлі мерекені ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

Шараға жиылғандар ақшаңқай киіз үйлер мен құрылған шатырлардан дәм татып жүр. Думаншыл жұртқа ауданның белсенді жастары да құр қол келмепті. Жастар ресурстық орталығы бір жылқының етін жұғым көрмейтін қазаннан әр тұрғынға бір тостақ палау ұсынып жатты. Одан өзге «Хилниченко и К» ұжымы да мерекеге келушілерге

ас ұсынды. Бұл құрылымның атынан келіп, қызметкерлерді ұйыстырып жүрген Ғалия Демеубаеваның айтуынша, 150 адамға наурыз көже, 150 адамға палау даярлапты. Одан бөлек, атаулы ұжымның дастарханында жілік-жілік жылқы еті, буы бұрқыраған бауырсақ, құрт пен май, неше түрлі төттілер думаншыларды менмұндалап тұрды.

- Наурыз – бірлік пен береке бастауы. Ұлыстың ұлы күнінде біздің ұжым құр алақан келмеуді шешті. Аспаннан жауған қар мен жаңбырға қарамай әр тұрғынға қызмет етіп тұрмыз. «Хилниченко и К» құрылымы әрдайым аудан тұрғындары үшін аянып қалмайды. Бастысы өз-Наурыз құтты болсын! – деді Ғалия Демеубаева.

Ұлық мерекені тойлағандар қар араласа жауған жаңбырға қараған жоқ. Бастысы, жаңа жылдан жақсылық тілеп, нұрға шомылды. Жыл басы жаман басталмады. Аудан көлемінде 6000 астам адамды қамтыған 15 шара ұйымдастырылды. Сол шарада 21 киіз үй тігіліп, 3000 литр наурыз көже қайнатылды. Бұл ауданға қарасты елді мекендерде өткен наурыз мерекесін қоса алғандағы көрсеткіш. Бастысы ұлық мереке ерекше ілтипатпен тойланды. Елдің де несібесі өз-Наурыз мерекесінде жауған қардай мол болсын деген тілек бізде де бар.

М.МАҚСЫМ



«Қызым келіннен, ұлым елімнен ғұбрат алып өседі» деп ұрпағынан жақсылық күтетін халықпыз. Ұқылым заманнан бері келінге ерекше үміт артып, зор жауапкершілік жүктелетіні өтірік емес. Келіннің болмысы, келбеті ғасырға, заманға, айға, жылға қарап өзгеріске түскені де рас.

Қазақ келінінің табиғаты әу бастағы келінге ғана емес, адамзаттың аналарына берілген адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерге сай екені анық. Қазақтың байырғы тәрбиесін біліммен үндестіріп, алдымен, өзінің ана екенін көрсете білген келіндер қауымы кеше де болған, бүгін де бар. Ұрпақ алдындағы міндетін ұғынып, ұрпағымен ұлт тәрбиелеп отырғанын бүгінгі дана аналар да кеше келін болған. Бүгінгі жас келін де, ертең ұлт сүйсінер ана болуға міндетті. Келіннің беделін көтеріп, салт-дәстүрді насихаттау мақсатында «Жетісу келіндер орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, «Жетісу келіні – 2022» жобасының авторы, аудандық журналист Арайлым Әлімжанованың ұйымдастыруымен Жетісу жерінде «Үздік келін» сайысы өтті. Алматы облысына қарасты аудандардан бақ сынаған 13 үміткердің бабы келіскендері арнайы аталымдар бойынша марапатталды. Ал жүзден жүйрік шыққан 7 сайыскер жүлдері орындарға ие болды. Байқау 4 кезеңнен тұрды. Келіндер алдымен өздерін таныстырып, кейін арнайы сұрақтарға жауап берді. Аспаздық шеберліктерімен қатар өнерлерін де ортаға салды. Облыстық аналар алқасының төрағасы, Алматы облысының құрметті азаматы Несіпжамал Қасымбекқызы төрағалық еткен қазылар алқасының үміткерлерге қойған талабы да жоғары болды. Байқау қортындысы бойынша үшінші орынға Кербұлақ ауданынан келген Гүлдана Сұлтан, Текелі қаласынан Елнұр Көшербаева, Қаратал ауданынан Салтанат Ашиқбаева лайықты деп танылды. Ал жүлделі екінші орынды Ақсу ауданының келіні Бұлбұл Байсұлтан мен Талдықорған қаласының келіні Шырын Ауғанбаева иемденді.

Бірінші орын Талдықорған қаласының келіні Гүлшат Дубирбаеваға берілді. Ал бас жүлде Көксу ауданының намысын қорғаған Айнұр Алтынбековаға бұйырды. Мұнан бөлек «Салт дәстүрге бай келін», «Баталы келін», «Күлімкөз келін», «Алтын ожаулы келін», «Бұрымды келін» аталымымдары бойынша үздіктер анықталды.

А.БЕКЗАДА

◀ BÄREKELDI

АРАЛ БЕКІРЕСІ

ЖЕТИСУДА ӨСІРІЛЕДІ

Балық та табыс көзі. Оның ішінде бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығы өте бағалы. Жалпы, облыста балық өсірумен шұғылданатын 22 шаруашылық бар. Ірі шаруашылық қатарына Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы «Фореель» серіктестігі жатады.

Шаруашылық иесі Мәрлен Тұрсынәлінің айтуынша, бүгінде балық өсіру аумағын кеңейту шарасы жүріп жатыр. Мұнда осы жазда құрылыс жұмысын аяқтау жоспарланған. Балық шаруашылығындағы негізгі мәселе – судың тапшылығы. Таудың жоғары жағында отырғандар төмендегілерге су бергісі келмейді. Ал, балық шаруашылығына су әрқашан келіп тұруы керек. Балыққа оттегі сумен келеді. Бұл шаруашылықтан басқаларға зиян жоқ. Су бір жағынан кіреді де, екінші жағынан шығып кетеді. Онда улы зат болмайды. Яғни, шаруашылықтың төменгі жағында отырған кәсіпкерлерге балық пайдаланған судың зияны жоқ.

Аталмыш шаруашылық жыл сайын 220 тонна форель, 50 тонна бекіре, 100 тонна африкалық сом (жайын) өсіреді. Бір айта кететін жағдай, біздің елге тауарлы балық көбінесе Қырғыз, Түрік елдерінен кіргізіледі. Егер балық шаруашылығын бар пәрменмен қолдайтын болсақ, сырттан келетін тауарды өзіміз де қамтитын боламыз. Мәрлен Тұрсынәлінің айтуынша, алдағы жылы су тоғандарына тағы да бақтақ балығы жіберіледі. «Фореель» шаруашылығында балық өсіруді қолға алуды көздеп жүргендерге оқыту, тәжірибе алмасу шаралары да ұйымдастырылады. Студент, магистранттар осы шаруашылықта уылдырық алудың қыр-сырын меңгеруде.

Ал Шелектегі «Налық балық» тоған шаруашылығында Арал бекіресі өсірілетін болады. Оған дайындық жүргізіліп жатыр.

Гүлжан ТҰРСЫН

◀ ÖRKEN

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТАРАЗЫЛАДЫ

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының актив жиналысы өтіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында айтылған міндеттерді орындау барысы талқыланды.

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған облыстық партия филиалының атқарушы хатшысы Гүлнар Тойлыбаева партия активіне Саяси кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, аудандық, қалалық партия филиалдарының төрағалары және атқарушы хатшылары, «Jas Otan» жастар қанаты, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары және бұқаралық ақпарат құралдарының

өкілдері шақырылғанын, жиынға 22 адам тікелей, 112 адам онлайн форматта қатысып отырғанын жеткізді. Одан соң Президенттің өз өкілеттігін кезінде партияға мүше болуын тоқтату міндетін заңнамалық тұрғыдан ресімдеуді, әкімдер мен олардың орынбасарларының партия филиалдарындағы қызметіне тыйым салуды ұсынуы «AMANAT» партиясының жұмысына кедергі келтірмейтінін, керісінше, партия мүшелеріне жауапкершілік күшейетінін алға тартқан модератор аталған мәселе заң аясында жүзеге асатынын атап өтті.

Жиында облыстық мәслихат хатшысы Жанболат Жөргенбаев, партияның Саяси кеңес мүшесі,

облыстық депутаттық фракция мүшесі Гүлмира Ахметова, облыстық партия филиалы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының төрағасы Еркебұлан Ақболатов, облыстық партия филиалының Саяси кеңес мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Римма Салықова кезекпен сөз алып күн тәртібіне көтерілген мәселенің маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында облыстық партия филиалының атқарушы хатшысы Гүлнар Тойлыбаева аудандық, қалалық партия филиалдарының хатшыларына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын кеңінен насихаттау, партия жанындағы қоғамдық кеңестердің құрамын жаңарту сынды міндеттерді тапсырды.

◀ ÖRKEN

ӨТІНІШТЕР САНЫ АРТҚАН

Алматы облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы 344 өтініш түсіп, оның 341-і қаралды, 3-еуі тұтынушы мәселесінің болмауына байланысты қараудан бас тартылды, 14 өтініш бойынша заңнама нормаларына түсініктемелер берілді және заңгерлік көмек көрсетілді, 328 өтініш қанағаттандырылды. Бұл туралы Алматы облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Дастан Шалтабаев мәлімдеді. Өткен жылы департаментке 755 өтініш түскен. Оның ішінде жазбаша – 85, Telegram бот арқылы – 105, азаматтарды қабылдауда – 117, сенім телефонына – 104.

Келіп түскен арыз-шағымдардың жалпы санының 141-і түсіндіріліп, 587-сі қанағаттандырылса, 20-сы қайта бағытталған. Ақта кетейік, 2020 жылмен

салыстырғанда салыстырғанда 2021 жылы түскен өтініштердің үш есеге өскені байқалады. 2020 жылы 239 өтініш түскен болатын.

«Тұтынушылардың төрт өтініші бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, бір өтініш жеке тұлғаға қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Төрт факті бойынша бұзушылықтар анықталып, бақылау субъектілері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бір факті бойынша тараптардың татуласуына байланысты қарау тоқтатылды», – деді Дастан Тұрарбекұлы.

Естеріңізге саламыз, ҚР Президентінің «Тексеруге, профилактикалық бақылау мен қадағалауға мораторий енгізу туралы» № 229 Жарлығына сәйкес шағын және микро кәсіпкерлік субъектілеріне жоспардан тыс тексеру

жүргізуге тыйым салынған. Бүгінде басқарма жанынан қоғамдық бірлестіктер, облыстық қоғамдық кеңесі, облыс кәсіпкерлер палатасы және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен консультативтік-кеңесші орган жұмыс істейді.

Қаперіңізге жүрсін, тұтынушылар қажет болған жағдайда Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 295 үй мекен-жайы бойынша департаментке жазбаша түрде, қолма-қол немесе пошта арқылы жүгіне алады. Сондай-ақ, «Электрондық үкімет порталы» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, «е-тұтынушы» азаматтарды жеке қабылдауды аптасына екі рет сөйсенбі және сәрсенбі күндері өткізіледі немесе жеделхат ботына жазу арқылы және +7(7282)24-03-64 телефонына хабарласуға болады.

ВРАЧИ МОДБ Г.ТАЛДЫКОРГАН ПРОВЕЛИ УНИКАЛЬНУЮ ОПЕРАЦИЮ



пациент экстубирован через 2 часов, в полном сознании. На следующий день переведен в хирургическое отделение. На десятый сутки выписан в удовлетворительном состоянии.

Краниостеноз, деформаций черепа связанный с краниосиностомозом у детей, требует хирургическую коррекцию. В дальнейшем в условиях МОДБ г. Талдыкорган планируется проведение подобных операций детям Алматинской области, а также пациентов, приезжающих из других областей. Методика

Лоскутная краниотомии и техника операции отработана до мелочей, что позволяет выполнить операцию за 1-2 часа! Операция была проведена бесплатно в рамках Фонда обязательного социального медицинского страхования.

Слова благодарности выразила мама пациента врачам ГКП на ПХВ «Многопрофильной областной детской больницы» - «От всей души говорю большое спасибо. Выражаю самую большую благодарность врачам и медсестрам

Детской областной больницы. Огромное спасибо за их высокий профессионализм, доброту, отзывчивость, чуткость и понимание. Спасибо за Ваш труд!».

Напоминаем, что дети до 18 лет находятся в льготной категории в системе ОСМС, обследование и лечение проходит за счет взносов государства на обязательное социальное медицинское страхование.

Филиал по Алматинской области
НАО «Фонд социального медицинского страхования»

◆ NASA MEDISINA

Детские хирурги на базе многопрофильной областной детской больницы провели уникальную операцию. Ребенку с диагнозом «Врожденный порок развития центральной нервной системы. Краниостеноз. Коронарная форма. Симптоматическая эпилепсия, фокальная, с вторично-генерализованными приступами.

Грубая задержка психоречевого развития, с элементами аутизма» ранее неоднократно получавшего консервативное лечение, но без результатно предложено оперативное лечение. В рамках ОСМС в плановом порядке был госпитализирован.

Учитывая основные и сопутствующие заболевания, с применением современных методов анестезиологии впервые на базе ГКП на ПХВ «Многопрофильная областная детская больница» г. Талдыкорган проведена операция «Лоскутная краниотомии по Арндту – Козыреву» с участием детского нейрохирурга Г. Курманбекова и хирургами МОДБ. Длительность операции составила 1,5 часа. В послеоперационном периоде

◆ PROFILAKTIKA

С начала пандемии по Ескельдинскому району зарегистрировано 2016 (показатель – 3997,6%) лабораторно подтвержденных случаев заражения людей коронавирусом инфекцией. С 2022 года по сегодняшний день в районе зарегистрировано 318 случаев заражения COVID-19, из них детей до 14 лет – 87, подростки - 9. За период с «03.02 по 16.02» 2022 года зарегистрировано 69 случаев заболевания (34 с симптомами, 35 без симптомов), показатель роста составил – 0,5%. COVID-19 по району за последние 2 недели снизилась с 1,4% до 0,5% в сравнении.

Единственным способом победить пандемию является вакцинация. В этом направлении проводится системная работа по формированию коллективного иммунитета. Всего в районе работают 10 прививочных пунктов и 2 прививочных бригад. На сегодняшний день всего вакцинировано 1 компонентом вакцины 21557 человека, что составляет 83,7% населения района. II компонентом вакцины вакцинировано 19050 человек, то есть 74% населения. Также вакциной Комирнати (Пфайзер) I и II компонентами вакцинировано: беременные от 16 до 37 недель беременности – 226,

МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИИ

кормящие мамы – 823 и подростки в возрасте от 12 до 17 лет – 2232.

Коронавирусная инфекция – заболевание, влияющее на дыхательную систему человека. Пути передачи: воздушно-капельным путем и контактным путем.

Вирус может передаваться через дверные ручки и другие поверхности.

Похожие симптомы встречаются у пациентов с ОРВИ или гриппом. При их обнаружении необходимо незамедлительно обратиться к врачу для получения медицинской помощи и исключения коронавируса.

Высокая температура;
Затрудненное дыхание;
Чихание, кашель и заложенность носа;
Боли в мышцах и в груди;
Головная боль и слабость;
Возможна тошнота, рвота и диарея;
Оставайтесь дома и обратитесь к врачу, если: Вы контактировали с заразившимся COVID-19;
Вернулись из страны, где идет вспышка болезни;

Если у вас повышенная температура, кашель и одышка.

Профилактика коронавируса: Всегда мойте руки: когда приходите на работу или возвращаетесь домой. Для профилактики также подойдут влажные салфетки или дезинфицирующие растворы;

Не подносите руки к носу и глазам. Быстрее всего вирус попадает в организм через слизистую оболочку. Когда чихаете, всегда прикрывайтесь платком;

Избегайте ненужных поездок и не ходите в места массового скопления людей;

На время, пока разные страны мира борются с коронавирусом, не следует путешествовать за границу. В особенности туда, где ситуация с коронавирусом крайне тяжелая.

Вакцина – единственное надежное средство профилактики вируса. Только пройдя вакцинацию, мы сможем остановить передачу вируса и защитить себя от его тяжелых последствий.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель УСЗК

◆ ZDOROVE ПРИНЦИПЫ ЛЕЧЕНИЯ ТУБЕРКУЛЕЗА

Туберкулез является индикатором решения вопросов охраны и укрепления здоровья, сохранения активной долголетия, высокой работоспособности и воспитания здорового поколения. В РК борьба с туберкулезом остается стратегической задачей и является приоритетным направлением в деятельности Министерства здравоохранения РК.

Основные принципы борьбы с туберкулезом: государственный характер борьбы с туберкулезом; приоритетное значение противотуберкулезных мероприятий в местных и республиканских программах здравоохранения; совместная работа общей лечебной сети, специализированной противотуберкулезной службы, в том числе и других ведомств по выявлению и профилактике туберкулеза; мониторинг туберкулеза; эффективное лечение больных туберкулезом; бесперебойное снабжение лечебных учреждений ПТП, туберкулином, вакциной БЦЖ и БЦЖ-М, необходимым оборудованием и медицинской техникой;



постоянное повышение знаний врачей и средних медицинских работников общей лечебной сети по различным вопросам противотуберкулезной работы.

Мероприятия по профилактике туберкулеза являются краеугольным камнем активного воздействия на эпидемиологическую обстановку, поскольку позволяют при должной организации и устойчивом продвижении предотвратить распространение инфекции среди населения, обучить его правилам личной и общественной гигиены, а также создать достаточную иммунную прослойку среди тех

возрастных и социальных групп, которые в наибольшей степени подвержены риску заболевания туберкулезом. Первичная медико-санитарная помощь, являясь центральным звеном системы здравоохранения, осуществляет главную функцию качественного улучшения показателей здоровья населения.

Информирование населения через средства массовой информации об эпидемической ситуации по туберкулезу и о мерах профилактики, а также разработка и распространение информационных материалов по профилактике туберкулеза для различных групп населения, в том числе через социальные сети и средства массовой информации, осуществляется территориальными подразделениями государственного органа в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, фтизиопульмонологическими организациями и организациями, оказывающими ПМСП. Ежегодно 24 марта по инициативе Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) отмечается Всемирный день борьбы с туберкулезом.

Нуршат ИБРАИМОВА,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ
медицинская сестра
фтизиатрической службы

ҚОҒАМ ДАҒЫМЕН КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ



◆ ILKIM

Біз жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Бұл қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Алайда, шешімі табылмай тұрған мәселелер де бар, оның бірі – сыбайлас жемқорлық. Елімізде бұл мәселеге қатысты арнайы заңдар қабылданып, қыруар жұмыстар атқарылып жатса да, бұл мәселе толық шешімін тапқан жоқ.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Өмір көрсеткендей қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иелену немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру секілді қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

А.БАШАБАЕВА,
аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

◆ MAMAN MINBERI БРУЦЕЛЕЗДЕН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

◆ MAMAN MINBERI

Бруцеллез - адамдарға ауру малдан жұғатын, адам денесінің буын, жүйке, жыныс мүшелерінің зақымдалуына әкеп соғатын аса қауіпті аурулардың бірі.

Ауру қоздырғышы сыртқы ортаның әсеріне өте шыдамды келеді. Мәселен, сүт өнімдерінде 25 күн, мал терісінде 3-4 ай, суда 5 ай, топырақта 2-3 ай өмір сүреді, ал салқын жерде тіпті ұзақ сақталады. Бруцелла микробы адам денесіне, мал төлдету, оны бағу, сою, жіліктеу немесе жүнін қырку кезінде тері арқылы енеді. Ал күнделікті тұрмыста ауырған малдың қайнамаған сүтін ішкенде, сол сүттен дайындалған қаймақ, сары май, ірімшік, шала пісірілген ет тағамдарын пайдаланғанда жұғады.

Атаулы дерттің негізгі белгілері ауру жұқтырғаннан кейін 7-30 күн өткен соң біліне бастайды. Мұндайда адам тез шаршап, төбетін жоғалтады. Басы ауырып, дел-сал болып бойының ауыр тартқанын сезеді. Емделген жағдайда ауру күшейіп, науқастың дене қызуы 38-39 градусқа дейін көтеріледі, қол аяғы сырқырап, белі ауырады. Түнге қарай қатты терлейді, ұйқысы бұзылады. Мойын, қолтық асты, шабынның бездері ісіп ауырады. Сондықтан уақытында дәрігер көмегіне жүгінбей өзінше емделген болса, ауру созылмалы түрге айналады. Ал мал арасында аурудың негізгі белгілерін оның ақсап жүруінен, аяқ буындарының ісуінен, көбіне саулық малдың желінінде ісіктің пайда болуынан, іш тастауынан, еркек малдың буынның ұлғаюынан және тағы басқа да өзгерістерден байқалады. Мұндай жағдайды байқаған мал иелері міндетті түрде жылдам мал дәрігеріне хабарлауы керек. Ауру анықталған малды мал дәрігерімен ақылдаса отырып, көпке созбай бекітілген ереже бойынша 5 күн ішінде сойып, оны өңдейтін арнайы орындарға тапсыруы керек.

Бұл індеттің алдын алу үшін:

1. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмысты, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау;
2. Тағам ретінде сапалы термиялық өңдеуден өткен ет және сүт өнімдерін қолдану;
3. Мал дәрігерлік анықтамасынсыз сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау;
4. Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту.

Д.БЕКТЕНОВ,
аудандық СЭББ жетекші маман

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



MÄSELE Қобыланды қазақпын, батыр елмін, Қозы-Баян қазақпын, тату елмін. Қожанасыр қазақпын, аңқау елмін, Абай туған қазақпын, ақын елмін, – деп ақындар жырлағандай жақсы қасиеттерді бойына сіңірген, ұлтымызға тән абзал қасиеттерді ана сүтімен ұрпағына дарытып, туы жығылмаған қазақ елінің даңқын асырған аналарымыз қаншама. Ананың қоғамда, отбасында алатын орны ерекше. Ана – мейірім көзі, ақылшы, тәрбиеші, шаңырақтың жылуы, әулеттің берекесі, бітістіруші шебер дәнекер, қаһарман тұлға. Сол себепті де ұлылық анадан басталады деп бағалаймыз. Қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі деп қараған. Әйел – ол ибалы қыз, инабатты келін, қайырымды қарындас, аяулы ана, ардақты апа, данагөй әже. Қазақ халқының ұлттық педагогикасында «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген әдемі тұжырыммен ұрпақ тәрбиелеген. Әкенің әр қадамы, шешімді ойы, ананың шеберлігі, ақылы, әженің ақылман әңгімесі, естелікке үндейтін ертегілері нағыз тәрбие көзі болып, ибалы қыз, ержүрек ұл тәрбиелеген.

Әйел-аналардан қолына найза ұстаған батыр, даңқты тұлғалар да өз қоғамында көпке танылып, ұрпаққа өшпейтін өнеге жолын салып кеткені белгілі. Айбике анамыз батырлығымен танылып, Алтай, Ертіс, Тарбағатайдағы орналасқан Жоңғар әскерлері туралы мағлұматтар жеткізіп, жеңіске жетуде бірден-бір ерліктің үлгісін көрсеткен батыр-Ана. Арылай ханның қызы Айтолқын анамыз әкесімен бірге жорыққа қатысса, Абылай ұрпағы, Қасымқызы Болай анамыз ірі шайқастарда ерлік көрсеткен. Қаракей Қабанбай батырдың жары – Гаухар ана ерлігімен танылса, қызы Назым әке-шешесімен бірге жорықтарда айтылаған. Найман елінің батыр қызы атақты садақты Жәнделі батырдың да ерлігі ел аузында. Шыңғыс ханның тұсында ел қорғаған Бәйке мен Биба батырлардың, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Әлия мен Мәншүктің ерлігі, жау басып алған аймақта 300 рет ерлік көрсеткен ұшқыш Хиуаз Доспанова сияқты батыр аналарымыздың ерлігіне тәу етіп, бүгінгі жарқын болашағымыздың негізін қалаған асыл аналардың өмір тарихын ұрпаққа жеткізу парыз деп ойлаймын.

Жазу-сызу жоқ заманда да әжелеріміз, аналарымыз үй тәрбиесінде өз

ұрпақтарын үш ауыз сөзбен «Жаман болады», «Сауап болады», «Обал болады» деген ұғыммен тәрбиелеп ержүрек ұл, инабатты қыздың бойына адамгершілік, адалдық гүлін еге білген. Сондықтан қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттердің тілін, ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы әйел – Ана деп саналған. Халқымыздың татулығын, береке-бірлігін келтіруші де Ана екеніне тарих куә. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген халық даналығы осында туған. Қазақ қызын «Қыз баланың жолы жіңішке» деп жан-жақты тәрбиелеген, ешуақытта оны кемсітпеген. Перзенттің тұңғышы қыз болғанда «Ырыс алды – қыз» деп жақсы ырымға жорып, қуанған. Қыз баланы аз күнгі қонақ деп тазаны кигізіп, дәмді жегізіп, үйдің оң жағынан төрін орын беріп аялаған. Қыз балаға қырық үйден тыйым деген философиялық қағидаға орай, қыздарының тәрбиесіне зор мән берген. Барған елінде тәрбиелі, ана көргендігімен танылсын, деген биік ұғым тұрған. Сол себепті де қазақ әйелі отбасының берекесі ретінде, алар орны баға жетпес құндылықпен паралап болған. Қазақ қызы әдебімен, ибасымен, намысымен, қайсарлығымен,

тапқырлығымен танылса, ақылды, берекелі әйел болмысын жасаған. Ерте кезде аналарымыз ер азаматын пір тұтып, ибалы қыз, иманды ұл тәрбиелеп өз абыройын, өз беделінің тұғырын жоғарыдан танытқан. Ал аталарымыз, ер азаматтар әйелдің сағын сындырып, рухын құлатпаған. Өйткені тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің көусар бұлағы – Анадан таралады. Баланы тоғыз ай көтеріп, дүниеге келтіріп қана қоймай, көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызып, туған елінің тілін үйретіп, сазына қандыратын да Ана. Өмір есігін жаңа ашқан нәрестенің бойына туған елінің рухын сіңіретін, балбыратып уататын, тұңғыш тәтті сазы, жылауын қойғызатын ән-өлеңі, ғазиз ана бесікке сүйеніп отырып орындайтын – бесік жыры. Қаһарман бабамыз Бауыржан Момышұлының бір ұлағатты сөзіне құлақ салсақ «Жаудан да қорықпаған қазақ едім, қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ әйелден қорқам, екіншісі – немересіне ертегі айтып беретін әжеңіз азайып бара жатқанынан қорқам, үшіншісі – дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар көбейіп келеді, үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке жоқ» деп мұңайған екен зиялы жан. Ғасыр жылжып, қоғам дамыды. Өлемді шарлаған жаһандану үдерісі толасыз жүруде. Тәлімі мен тәрбиесі сан ғасырлар өтсе де, небір нәубеттерді бас-

тан көшірсе де намысы жығылмаған, рухы құламаған қазақ халқын да алаңдатуда. Ата-бабаларымыздың ырым-тыйымдары да, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, мәдениеті де шеттеп қалғандай. Ер-азаматтардың көп бөлігі жұмыссыз болса, әйел – аналар отбасының асыраушысы болып базар жағалап кетуі, ертелеу-кеш балалардың қараусыз қалуы, сабақтан соң күн тәртібі нақтыланбай бос жүруі бала тәрбиесіне зор нұқсан келтіруде. Бала тәрбиесі мұндай салғырттыққа, сылтау, себеп іздегіруге төзбейді. Күні бойы жұмыстан, тірлік күйбелеңнен кешке бір уақыт қана бас құралып, балаға назар аудару тым жеткіліксіз. Қалта телефонның таң тамашасы таусылар емес. Бұрын аналарымыз «әкең келе жатыр» дегенде зор құрметпен әкеге ілтипат жасап, дастарқан басында асты әкенің бастауы, ас ішкенде «сөйлеуге болмайды, кітап, газет оқуға болмайды» деп тәрбиелеуші еді. Ал қазір дастарқан басында бір-бір телефонға шұқшып, ауық-ауық жалтақтап, отбасы деген берекелі бірліктің тынышын кетіру әке мен ананың өздеріне үйреншікті әдет болып барады. Ең қорқынышты жайт – осы. Жасөспірімдер арасында шылым шегу, нашақорлыққа бой ұру, балаларын тастап, қараусыздығына еш алаңдамайтын әкелер мен аналар жайлы ақпараттар жиілеп барады. Бейбіт өмір, тыныш заманда мемлекет қамқорлап тұрғанда өмір сүрудің

күрделенуі алаңдатуда. Әлеуметтік желіні қолдануда да балаларға дұрыс бағыт-бағдар беру, қадағалау жеткіліксіз. Қыз бала тәрбиесінде де олқылықтар көптеп кездесіп жатады. Әжемнің әңгімесі, ақыл өсиеті құлағыма келгендей: қысқа көйлек киме, жай ғана жымып күл, қатты дауыс көтеріп сөйлеу әбестік деген сөздері жылы леп ескендей ойыма оралады да тұрады. «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» деген әдемі ұғым да алыстап бара жатқандай. Халқымыздың мақал-мәтелдерінен, даналық сөздерінен де ата-ананың қадір-қасиеті туралы асыл сөздерді табар едік.

«Алты аға бірігіп – әке болмас, Жеті жеңге бірігіп – ана болмас» деген сөзде де терең ой жатыр. Ата-ананың бар тілеуі балаға бағышталған. Отбасынан дұрыс тәлім-тәрбие алған ұл мен қыз ешқашан ата-анасын жерге қаратпайды, ұрпағын жылатпайды. Сәби шағында ата-анаң қалай бағып қақса, қартайғанда оларды солай алақанға салып, аялап күту қандай ғанибет! Ұл мен қыздың әдептілігінің негізі – ата-ананы риза қылып, үнемі алғыс батасын алуында. Сонда ғана үлкендердің мерейі тасып, ұл-қыздарының өркені өспек.

Қазақ халқында «Төріңнен қарт кетпесін» деп тілек тілеген. Қарты бардың қазынасы бар деп қарт ата-әжелерін байлық санаған. Ал қазіргі уақытта кейбір келеңсіз жайттарды естіп қалсақ көңіл құлазиды. Өз қолы өзіне жеткен жаста ата-анасынан алшақтап, қайырымсыздық, қатыгездік танытатындар да жоқ емес. Қазақ халқында ондай пенделер қатаң жазаға, қатты қарғысқа ұшыраған.

Абай атамның «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» дейтіні содан шығар. Отбасындағы психологиялық оңды ахуал, татулық пен тыныштық, жайдары қабақ, пейіл-береке оның барлық мүшелерінің ырысы, ойға алған істерінің берекесі, оң бастауы болмақ. Ал балалардың жанжалшыл, дөрекі дөкірлігі – ата-ананың қауіп, азабы. Ондай ата-ана үнемі алаңдаумен күн кешеді. Ұл мен қыздың әдептілігінің негізі – ата-ананы риза қылып, үнемі алғыс батасын алуында. Отбасында ата-ана ризашылығына бөленген қыз бала өзі аттаған босағасының шамын жарқырата түседі. Ондай жаннан ибалы келін, аяулы ана, ардақты әже қадамдарына жол ашылады. Бұл тәрбиедегі бақыт кілті. Жұмақ табының астында дейтін байырғы аналарымыздың бүгінгі өркені осындай аналар болмақ. Сол себепті сөз басында тілге тиек болған даңқты аналарымыздың ізін жалғар бүгінгі аналар өзінің «Ана» деген қасиетті аттарына кір келтірмесе екен. Әйел – аналардың ішмдікке әуес болуы да қоғамға қауіп туғызады. Бұл - үлкен дерт. Ақ орамалы кіршіксіз, ақ дастарқаны ананың ақ пейілімен толып тұрған отбасында бақ-береке мәңгілік тұрақтап қалады.

Л.ДАРХАНҚЫЗЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕ АДАЛДЫҚ МАҢЫЗДЫ

Елімізде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Алайда жемқорлықсыз қоғам құрмайынша елімізде жемқорлықпен күрес толығымен тоқтатылмайды. Ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсасмайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататын өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Сондықтан да жемқорлықпен күресу біз үшін бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырған – басты мақсат.

Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына өкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар әр адам тек өз басының пайдасын ғана ойламай, туған елінің гүлденуін, өркендеуін ойлайтын болса, өз Отанының нағыз патриоты болса, жемқорлық жойылар еді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Н.ЕСЕЛБАЙ,
аудандық статистика басқармасының басшысы

Ақыл керек білім таңдап аларға, Білім керек іске жақсы қарарға, Ақыл шырақ, қара түнді ашатын, Білім жарық, нұрын саған шашатын – деп Ж.Баласағұнның өлең жолдарында айтылғандай әр ұстаздың педагогикалық жаңаша ойлауы, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпынып отыру керек.

XXI ғасыр – оқытудың жаңа технологиясын енгізіп, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығару ғасыры. Оқытудың жаңа технологиялық әдістерін қолдана отырып, оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуге бағыттау, шығармашылықпен жұмыс істей алатын тұлғаны тәрбиелеу басты назарда.

Осы орайда, өзіміздің кәсіби құзіреттілігімізді дамыту мақсатында, оқушыға жан жақты білім беруді арттыруда «География пәні мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 80 сағаттық курстан өттім. Аталған курсты 21 «Өрлеу» БАҒО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша ПҚБАИ «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы Ләззат Адыбаева Дүнгенбайқызы өткізді. Курстың басты ерекшелігі осы уақытқа дейін, елімізде орын алған келеңсіз жағдайлардың орын алуына байланысты, мұғалімдер осындай пайдалы курстарды онлайн түрде ЗУМ бағдарламасы арқылы оқып келсе, бұл курстың ерекшелігі – офлайн түрде өткені. Мұғалімдер курс оқу барысында бір бірімен тікелей бетпе бет отырып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды. Аталмыш курс барысында күнделікті география пәні бойынша оқу

ӘР МАМАНҒА КӘСІБИ ШЫНДАЛУ ҚАЖЕТ-АҚ



мақсатына сүйеніп, қысқа мерзімдегі жоспарда сабақ мақсатын жасауды барынша жинақы, түсінікті етіп жасауды меңгердік. Сонымен қатар, түрлі платформада тапсырмалар жасауды үйрендік. Л.Дүнгенбайқызы тәжірибесі мол тәлімгер. Тренеріміз – оқу үрдісі оқушылардың жан-жақты ізденуі мен уақыттарын ұтымды пайдалануға және келешекте ғылыми ізденушілік жолына ықпал етуге маңызы зор екенін атап өтті. Тәжірибесі мол тренердің арқасында теориялық білімімізді практикалық тұрғыда жүзеге асыра

алдық. Курс барысында әріптестеріміз іс-тәжірибелерімен танысып, тапсырмаларымызды саралап, өзіндік ой-пікірімізді белгіледік. Л.Дүнгенбайқызының аса жоғары шеберлігінің нәтижесінде оқу мен оқытудығы көптеген құнды мәліметтермен, тапсырма жасаудың ерекшеліктерімен таныстық.

Күралай САУЫТБАЕВА,
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының
География пәні мұғалімі

МҰҒАЛІМ АБЫРОЙЫ НЕМЕСЕ ҰЯДАН ЖҰҒЫМСЫЗ ҰРПАҚ ҰШЫРМАЙЫҚ

MEZGIL MASELESİ

«Мың жылдығын ойлаған ұрпақ тәрбиелейді» дейді дана халқымыз. Яғни, ұрпақ тәрбиесі қазіргі уақытта өзекті мәселелердің біріне айналды. Ал бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі қандай десек, әрине маңызды деп айта аламыз.

◆ **Қазақ даналығында: «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген қағида бар. Міне осының өзі ұлттық тәрбиесіндегі ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызын таразыласа керек. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздің де бала тәрбиесіндегі ата-ананың орнын меңзейді.**



Бала тәрбиесі, оның жан-жақты дамуы, тұлға болып қалыптасуы қоғамымыздың, оның ішінде әрбір ата-ананың өзекті мәселелерінің бірі. Алайда мектептегі ата-аналар жиналысында немесе олармен сұхбат жүргізгенде көптеген ата-ана өзінің бала алдындағы құқықтары мен міндеттерін толыққанды жете түсіне білмейтінін аңғарып жүрміз. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері халықаралық ратификацияланған және ҚР заңдарында, оның ішінде «Бала құқықтары туралы» Конвенцияда, ҚР «Бала құқы туралы» заңында, ҚР «Білім туралы» заңында және өткен жылы толықтырылып, өзгертілген «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңында анық көрсетілген. Кейбір ата-аналар баламыздың қарны тоқ, киімі көк, бәрі бар, ештеңеден таршылық көрмей өсіп келеді деп бей-жай жүре береді. Бұл баланың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына аздық етері сөзсіз. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер - жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан

дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар: «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге болады. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді. «Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар.

Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар - осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар», - дегенді айтыпты белгілі педагог А.Макаренко.

Ия, бала тәрбиені отбасында алады. Десек те мектеп өмірі ұстаздар қауымы да баланың тұлға болып қалыптасуына, жан-жақты адами құндылықтарды бойына сіңіруде, білім берумен қатар тәлім-тәрбиелеуде өз салмағы бар. Бірақ, бүгінде ұстазын сыйламақ тұрмақ тыңдамайтын бала көбейді. Оның себебі ата-аналар жиналған отырыс, бас қосуларда мұғалімдерді жерден алып, жерге салып отыратындар жоқ емес. Мұны естіген бала санасында сондай жаман

ой-пікір қалыптасады. Балаға кішкене қаталдық таныта қалса немесе балалар тәртіп бұзып, қылмыс жасай қалса, оқыс оқиғаға ұшырай қалса мұғалімнен кінәлі адам жоқ болады.

Мектепте кең тараған құқықбұзушылық - балағат сөз айту. Әкімшіке орай кей балалар бір-біріне, үлкендерге, мұғалімдерге сөйлегенде, кейде былапыт сөз араластырады. Бұндай жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексында 434-435 бб сәйкес жасөспірімдер бұл әрекеттері үшін айыппұл түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін екенін бірі білсе, бірі білмес. Құқықбұзушылық жасаған жасөспірім есепке алынады. Тіпті, құқықбұзушылық шаралардың анағұрлым қаталдау түрі қолдануы да мүмкін. Қандай жағдай болмасын ең алдымен бала үшін заңды өкілі ата-анасы жауап береді, бала тәрбиесіне бірінші олар міндетті және жауапты. Сондықтан ата-аналар мен мектеп арасында қоғамдастықты қалыптастырып, жас ұрпаққа ұлттық

құндылықтарды дәріптеу, мұғалімді құрметтеуге, ата-анасын сыйлауға, жан-жағына мейіріммен қарауға, табиғатты тіпті жан-жануарларды қорғауға үйрету және ұялы телефонды қолдану мәдениетін, әлеуметтік желіні қолдану әдебін қалыптастыру қажет.

Өз тарапымыздан педагогтерге деген мұндай қарым-қатынасты, көзқарасты жойып, жолын кесу қажет. Қоғамда мұғалім мәртебесі жоғары болуы керек. Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев: «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп аса құрмет тұтқан, мұраты биік мұғалім мәртебесінің заңмен бекітілгені елімізді, әсіресе, ұстаздар қауымын айрықша қуантты.

«Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер» деген қазақтың сөзі ұстазға деген ұлы сыйластық, құрмет тұтқан қағида екені анық. Қоғамдағы ең жоғарғы мәртебе ұстаз қауымына тиесілі екені - қоғамның ғылым-білімге деген саналы көзқарасы. Ал ғылымға деген немқұрайлы көзқарас қоғамның дамуын артқа тартып, көшімізді кенжелететіні сөзсіз.

Мұғалім мәртебесі - мемлекеттің мәртебесі. Ол болашақ президенттің, ғарышкердің, инженердің, ғалымның, мемлекетіміздің кез келген азаматының өмір жолына жолдама беретін тұлға. Иә, қазір бәсекелестіктің, дамыған технологиялар заманы. Әлемдегі барлық жаңашылдықтың бәрі осы білім-ғылым арқылы жүзеге асатыны белгілі. Міне, ең бастысы білімнің қайнар көзі ғылымның өсуіне едәуір септігін тигізетіні сөзсіз. Ғылым дамыса, қалам да дамидына ақиқат. Ендеше боламыз тұлға болып қалыптасуына, дамуына, нағыз ел патриоты ретінде еліміз, жеріміз деп өсуіне ата-ана, ұстаздар болып атсалысуымыз қажет. «Отбасы-ана-ата-мектеп» үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие береді.

Гулзира ДАРМЕНБЕКОВА, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің директорының тәрбие жөніндегі орынбасары

AITAYN DEGENIM

Қара топырақ пен майса шөпке аунап, мал баққан қазақ баласы сүттің пайдасын жатқа біледі. Өйткені, түлік сүтін құтқа балаған жұрттың өткені мен бүгінгі ұлттық сусынды даярлаумен астасып жатыр. Өзге жұртқа арман, ал қазаққа дәрумен болған сусындардың көшін қымыз бастап тұр. Ғалымдардың пікірінше, бие сүтінің құнарлығы ана сүтінен кем емес. Оған Донецк медицина институтының ғылыми қызметкері Е.Гребников бастаған зерттеушілердің деректері негіз бола алады. Қымыздың құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп екен. Құнары да өзге сүттен ерек...

ҚЫМЫЗДЫ КІМ ШЕЙІН ДЕМЕСІН..

Ткенбаев.

«Мінсе – көлік, кисе – киім, ішсе – сусын» атанған жылқыны арғы тарихтағы ата-бабамыз үйір-үйір етіп ұстауының өзі бізге өнеге болды. Оның жарқын көрінісі – ұлтымыздың сөздік қорындағы «Саумал ішсең – қымыз жоқ, бие мінсең – құлын жоқ» деп келетін немесе «Сауын саусаң бие сау, боз қырау түспей сау-мас» деп ата кәсіптің артық тұсын қалқып алған осы бір қаймақты сөздері еді. Қымыз – қырық түрлі ауруға ем дегенді жиі естіп өстік. Кешенің көзін көрген жандарға «ол қандай қырық ауру» деген сұрақты да қойып көрдік.

- Қымыз адамның көңіл-күйін жақсартады. Жаңа сауылған саумалдың қасиеті, тіптен, бөлек. Жалпы бие сүті адамның күш-қуатын арттырады, табет ашады, ас қорытуды жақсартады, іш қатудың алдын алады. Оның адам ағзасын әлсірететін созылмалы ауруларға қарсы күресетін артықшылығын да бар. Саумал қымыз – жаңа босанған келіншектің құны молайтып, нәрлі етсе, ашыған сүтін қымыз шөлді басады. Мен өзім 15 жыл жылқы байладым. Қасиетінің қандай ерек екенін жақсы білемін, - дейді белгілі атбегі Нұржан Жаршанов.

Соңғы уақытта саумалға сұраныс артқаны соншалықты аудандағы бие сүтін сататын жандардың есік алдында ұзын сонар кезектің тұрғанын өз көзімізбен көрдік. Соның өзінде жетпей қалып жатады екен. Иммунитетті көтеруде пайдасы зор деген жандар Қарабұлақтағы бие ұстайтын қожалықтарға келеді. Оның арасында өзге ұлт өкілдері де бар. Біз де оларды сөзге тарттық.

- Саумалға жарнама керек емес. Оның денсаулыққа пайдасы жайлы жұрт онсыз да өте жақсы біледі. Мен бір-ақ мысал айтайын. Анамның өті толып, мазасы қашып жүрген уақыт. Үнемі дәрі алып қыруар қаражат жұмсадық. Содан саумал



ішіп көрейік деп шештік. Қазір жағдайы жақсарды. Дәрігерлер де саумалдың анамның денсаулығына оң әсер еткенін айтты. Содан бері астан бас тартқан емес, - дейді аудан тұрғыны Тұрылан Төлегенов.

Ойыңызға бір орам сарқыт берейінші. «... Тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды, қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шикан дуылдайды, аузы қобыз әуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны» деген тіркес есіңізде ме? Қай шығармадан үзінді? Әдебиетті парақтаған қазақ қоғамы белмесе ұят болар.

Сұлу сусынның сырбаз кейпін, сырлы дәмін таңдайына екелетін шығарма, әрине, жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың атақты Ақбілегі. Қорытынды сөзді кәсіпкер Ахметбек Нұрсиланың пікірімен аятасақ. «Жарнамасы керемет газдалған сусындарға қарағанда, қымыздың өзіндік құны 100 есе жоғары. Бір сауғанда 200 грамм ғана дәрулік сусын алынады. Ал қымыздық тұтынушыға жеткенге дейінгі жұмысы көп. Осыдан парадокс туады. Елімізде жан басына шаққанда сыра 33 литрден келеді немесе бір жылда 480 000 литр сыра шығарылады. Газдалған сусын, сыра өндірушілер жарнамаға қаржысын аямайды. Қымыз өндірісі бір пайызға да жетпейді. Ал оның мүлде зиянсыз, пайдалы сусын екені баяғыда дәлелденген. Қымыздың жарнамасы «пәлен жердегі апаның қымызы жақсы» деген ұзынқұлақтан аспайды», - деп еді кәсіпкер. Мұнан артық не кем айтудың қажеті жоқ.

“Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы” ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27-қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12-қарашадағы №561 бұйрығындағы өзгерістеріне сәйкес өтініштер жылына екі рет жоспарға сәйкес қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушіге: 1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) білімі туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат. Мемлекеттік корпорацияға: 1) өтініш; 2) білімі туралы диплом; 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат. Электрондық үкімет веб-порталы арқылы egov.kz: 1) өтініш 2) білімі туралы диплом; 3) қайта даярлау курстарынан

өткені туралы құжат (бар болса); 4) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат. Білімі және еңбек қызметі туралы деректер электрондық үкімет шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынады. Ақпарат болмаған жағдайда өтініш беруші растайтын құжаттарды қоса береді. Бұл ретте аттестаттаудан өту үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы ақпараттық жүйе бойынша мынадай деректерді сұратады: 1) Біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты болған адамдар үшін); 2) ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы құжат және ессе; 3) кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар; 4) “педагог-зерттеуші” немесе “педагог-шебер” біліктілік санатына-тәжірибені жинақтау; 5) бақылау парақтарымен сабақтардың/сабақтардың бейнежазбалары және сабақтарды/сабақтарды талдау (ПМПК педагогтерін қоспағанда); 6) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі хаттамасынан үзінді. Ескертпе: аттестаттау комиссиясы білім беру уәкілетті органмен келісілген бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификатты және кәсіби жетістіктерін және жинақталуын растайтын құжаттарды білім басқармаларының және ҚР БҒМ-нің (ведомстволық бағынысты ұйымдардың) ресми сайттарында қарайды. білім алушылардың т ә р б и е л е н у ш і л е р д і ң жетістіктерін растайтын құжаттарды (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК, ППТК, РО педагогтерін қоспағанда) аттестаттау комиссиясы білім басқармаларының және “Дарын” РҒПО-ның ресми сайттарында білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен жарыстардың тізбесіне сәйкес қарайды.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БІЛГЕНІ АБЗАЛ



өткені туралы құжат (бар болса); 4) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат. Білімі және еңбек қызметі туралы деректер электрондық үкімет шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынады. Ақпарат болмаған жағдайда өтініш беруші растайтын құжаттарды қоса береді. Бұл ретте аттестаттаудан өту үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы ақпараттық жүйе бойынша мынадай деректерді сұратады: 1) Біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты болған адамдар үшін); 2) ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы құжат және ессе; 3) кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар; 4) “педагог-зерттеуші” немесе “педагог-шебер” біліктілік санатына-тәжірибені жинақтау; 5) бақылау парақтарымен сабақтардың/сабақтардың бейнежазбалары және сабақтарды/сабақтарды талдау (ПМПК педагогтерін қоспағанда); 6) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі хаттамасынан үзінді. Ескертпе: аттестаттау комиссиясы білім беру уәкілетті органмен келісілген бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификатты және кәсіби жетістіктерін және жинақталуын растайтын құжаттарды білім басқармаларының және ҚР БҒМ-нің (ведомстволық бағынысты ұйымдардың) ресми сайттарында қарайды. білім алушылардың т ә р б и е л е н у ш і л е р д і ң жетістіктерін растайтын құжаттарды (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК, ППТК, РО педагогтерін қоспағанда) аттестаттау комиссиясы білім басқармаларының және “Дарын” РҒПО-ның ресми сайттарында білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен жарыстардың тізбесіне сәйкес қарайды.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Ескелді ауданының «Қазақтелеком» АҚ құрылыс мекемелерінің жер қазу жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан Республикасының байланыс желісін қорғау аймағында жұмыс жүргізуді реттейтін нормативтік актілерінің, атап айтқанда, 05.07.2004ж. № 567 «Қазақстан Республикасының “Байланыс туралы” Заңының, ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.24.12 №281 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желісін қорғау ережесінің» бұзылып отырғанын жеткізеді. Заңнама талаптарына сәйкес, байланыстың кәбіл желілері арнажолында осы желілер бойымен жерасты кәбіл жолының екі жағынан 2 метр қашықтықта орналасқан әуе байланыс желісінің тұйықталған сымдарынан немесе жерасты кәбілінің жолынан өтетін қатарлас жатқан жер учаскесі түрінде қорғау аймақтары белгіленеді. Қорғау аймағында немесе байланыстың кәбіл желілеріне жақын жерде қандай да бір жұмыс жүргізу үшін жұмыс басталар алдында 3 тәулік бұрын жазбаша рұқсат алып, барлық жұмыстарды тек байланыс кәсіпорны өкілінің қатысуымен орындау қажет. Жоғарыда баяндалғандар негізінде кәсіпорын қызметкерлеріне көрсетілген нормативтік актілер талаптарын сақтау бойынша нұсқама жүргізуіңізді сұраймын. Түсіністікте болуға және телекоммуникация желілерінің бұзылымдарына жол бермеуге іс жүзінде ықпал ететініңізге үміт артамыз. Ақпарат ретінде жұмысты бастар алдында: -Карабұлақ ауылы ЖДБ «Алматытелеком» ЖЖТТ өкілін 303-316, 32323, 31717, (8 708 463 30 00), телефондары арқылы шақыру; - жұмыстан тыс уақытта жер қазуға байланысты байланыс желісінің қорғау аймағында шұғыл апат жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда, 3-07-11 телефондары арқылы Карабұлақ ауылы «Алматытелеком» ӨТД Жедел кезекшілер учаскесіне (ЖКУ) телефон шалу қажет екендігін хабарлаймыз. С.МЫРЗАХМЕТОВ, Текелі-Ескелді ЖТЦ бастығы

Қазіргі Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған білім беру жүйесінде өзгерістер бар. Өз бетінше шешім қабылдай алатын, ынталы және тапқыр адамдарға деген қажеттілік үнемі өсіп келеді. Отандық мектептердің басты міндеті - балалардың динамикалық өзгеретін әлемде өмір сүруге үйрету, яғни міндет балаға білім мен тәрбиені беруде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі коммуникативті, ақпараттық, зияткерлік құзіреттіліктерді қалыптастыру. Өркениетіміздің дамуының қазіргі кезеңінде балаларға ақпарат мұхиты әсер етеді. Бұл жағдайда мұғалім заманауи педагогикалық әдістерді басшылыққа алуы керек.

ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕР



Осы жағдайда оқытудың мақсаты - оқушылардың ынтық сауаттылығын және негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін оқытудың заманауи әдістерін енгізу. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын қалай арттыру керек? Мұғалімнің қажетті ақпаратты қалай жеткізуден гөрі, танымдық іс-әрекеттің ұйымдастырушысы болу үшін сабақ барысында оларды қалай белсендіруге болады? Осы сауалдарға жауап табу әрбір ұстазға - міндет. Мұғалім бұл ретте оқу қызметін ұйымдастырады. Мұның бәрі педагогикалық әдістерді іздеуге және оларды өз тәжірибесінде қолдануға итермелейді. Жаңа әдістерді енгізу білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізеді. Бұрын білім беруде орталығы - мұғалім еді. Қазір орын ауысып, нысана оқушыға бұрылды. Бұл әр оқушыға өзіне сәйкес қарқынмен және оның қабілеттеріне сәйкес келетін деңгейде оқуға мүмкіндік береді. Мұғалім ретінде өзім оқыту процесінде жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану арқылы дестүрлі сабақтан кету білім беру ортасының біркелілігін және оқу процесінде нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік бере отырып, оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін өзгертуге жағдай жасаймын. Пән мазмұнына, сабақтың мақсатына, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың білім беру қажеттіліктеріне және мүмкіндігіне, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тиімді әдістерді таңдауды ұсынамын. Көбінесе педагогикалық әдістер педагогикалық білім саласы, оларды басқару оқу процесінің қажетті тиімділігін қамтамасыз етуі, әлеуметтік тәжірибені берудің формалары, әдістері, әдістері мен құралдарының жиынтығы, сондай-ақ осы процестің техникалық жабдықталуы, оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы немесе мұғалімнің нақты іс-әрекетімен байланысты және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған белгілі бір іс-қимылдардың, операциялардың дәйектілігі арқылы анықталады. Оқушыны оқыту барысында мен білім беру қызметіне тұрақты уәждемені қалыптастыруға «Еркін микрофон», «Өткеншек», «Бес сұрақ», топтық жұмыс, «Болжау» стратегиясы, «Галереяға саяхат» стратегиясы сынды жаңа педагогикалық әдістерді қолданамын. Бұл әдістерді сабақтарда қолдану - қазіргі заманауи мектеп білімінің қажеттілігі. Оларды пайдалану сабақта жұмыс формаларын, оқушылардың іс-әрекеттерін әртараптандыруға, зейінді арттыруға, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін арттыруға, сабақ уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. «Еркін микрофон» әдісі алдыңғы оқылыммен, сабақты бекіту кезеңінде қолданылды. Оқушылар өзін еркін сезінді. Сұрақты нақты, әсерлі қоя алады. Қалыптастырушы бағалауды оқушылар сұрақ қойған оқушыға, жауап берген оқушыны да бағалай алады. «Өткеншек» (карусель) белгілі бір сұраққа қатысты оқушылардың ойлары мен жауаптарының жиынтық тізімін жасауға көмектесетін, құрылымдалған, ақпараттық немесе ойлау қабілетін арттыру әдісі. Өздерінің ойларын айту немесе қаралып отырған сұрақ бойынша ұсыныс енгізу үшін оқушылар шағын топтарда жұмыс істейді. Сондай-ақ олар басқа топтардың идеяларын бірлесіп бағалап, сұрақтарға өздерінің жауаптарын қалыптастыру үшін осы идеяларды әлеуетті негіз ретінде пайдалана алады. Шағын топтардан ақпарат жинақтауға арналған тәжірибелік тапсырма үшін «Идея іздеуші» немесе «Стикерлер жинағын» қарастырылды. Топтық жұмыс. Жалпы тәжірибеде топтық жұмысты ұйымдастырудың тиімді жақтарын байқадым. Алғашында топпен бірлесу жұмыс жасау, уақыты тиімді пайдалану қиындық келтірсе, ал тиімді жағы оқушылар бірлесу жұмыс жасайды, ойлаумен бірге тілдері де дамиды, зерттеушілікпен айналысады, ортақ бір тұжырым жасайды, таным белсенділіктері артады, шығармашылық қабілеттері қалыптасты. «Болжау» стратегиясы. Оқушылардың алдына өңгімеден үзінді беру. Яғни оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиғаны немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді. «Галереяға саяхат» стратегиясы «Менің Отаным» тақырыбы бойынша жұмыстарын оқушылар тақтаға іледі. Бір-бірінің жұмысына талдау жасайды. Бұл бір-бірінің жұмыстарына баға беруге ықпал жасайды және пікір жазып іледі. Бұл бір-бірінің жұмыстарын бағалау мен талдау жасай алу үшін қолданылады. Оқу процесінде жаңа педагогикалық әдістерді енгізу оқу процесін жандандыруға, дамыта оқыту идеяларын жүзеге асыруға, сабақтың қарқынын арттыруға, оқушылардың өзіндік жұмыс көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған заманауи білім беру әдістерді қолдануды оқу процесінің тиімділігін арттыруға, оқытуда жақсы нәтижеге қол жеткізуге, пәндерге танымдық қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді деп сеніммен айта аламын. Осылайша, сабақтарда әдістерді пайдалану арқылы мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығын, оқушылардың оқуға деген ынтық сабақтардың қиыншылықтарын танымдық белсенділіктің жоғары деңгейімен сүйемелдететін әрбір білім алушының еркін даму атмосферасын ұйымдастыруға ықпал етімін.

Динара МУКАШЕВА, М.Мәметова атындағы орта мектептің мұғалімі

ЧТО ТАКОЕ «ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО - EGOV.KZ»?

Это пожалуй одна из самых удобных и доступных на сегодняшний день электронных порталов по получению государственных услуг. История создания этого веб-портала началась еще в 2006 году, тогда же в нем можно было лишь получить информационно справочные материалы о государственных услугах. Сейчас же это самый быстрый и простой способ получения разного рода государственных услуг, каждый гражданин, не выходя из дома, может заказать услугу “онлайн” и в установленные сроки получить информацию в электронном и письменном виде. Также можно отметить, что услуги оказываются 24/7, то есть без перерывов и выходных, в любое удобное для вас время. На данный момент на портале доступно более 580 услуг, самыми распространенными

являются удаленное получение ЭЦП, справки о несудимости, фтизиатрии, психо и наркодиспосера, подача заявления на получение военного билета, регистрация и снятие с регистрации по месту жительства, прикрепление к медицинской организации и многие другие. Если у вас нет доступа к компьютеру, то в акимате Бактыбайского сельского округа имеется уголок электронного самообслуживания, где вы можете сами получить услуги или же обратиться к специалисту за помощью. Наши сотрудники готовы вам помочь. Также хотелось бы напомнить о том что у веб-портала есть мобильная версия «egov. mobile» доступная к скачиванию в PlayMarket и AppStore. Там вы можете получить более 60 наиболее востребованных услуг и справок.

ТҰРҒЫНДАР ЖАДЫНА

«Ескелді ауданы, Карабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде округ тұрғындарына өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналасқан. Округ тұрғындары интернет желілері қосылған компьютерлердің көмегі арқылы өздеріне керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінде ала алады. Атап айтсақ, өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алатын қызметтерге ЭЦҚ (электронды цифрлы қолтаңба) рәсімдеу, ЭЦҚ мерзімін ұзарту, соттылықтың болуы, болмауы туралы наркологиялық және психоневрологиялық, диспансерлердің есебінде болмау туралы, мекенжай бойынша тіркеуге тұру, тіркеуден шығару, емханаға тіркелу, медициналық сақтандыру, некеге тұру, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, мүмкіншілік шектеулі азаматтар, көпбалалы аналар үй

кезегіне тұру, балаларға жәрдемақылар тағайындау, зейнетақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды нәм жылдам және тегін алуға болады. Қосымша сұрақтарыңыз болса, тел: (872836) 3-17-06, +7775 404 34 86. Ауылдық округ әкімінің аппараты қызметкерлері округ тұрғындарына көмектерін көрсетуге әрқашан дайын. Сонымен қоса, “Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу” мемлекеттік қызметін көрсету, “Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру” мемлекеттік қызметін көрсету, “Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру” мемлекеттік қызметін көрсету бойынша мемлекеттік қызметтер және т.б. қызметтер көрсетіледі. «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ЖАҢАШЫЛ БАСТАМА ЖҰМЫСТЫ ЖЕТІЛДІРЕДІ



қиындық туғызды. Ауыл әкімдерінің сайлануын ескере отырып, олардың тәртіптік жауапкершілігін қарау және олардың қызметтік әдепті сақтауы мәселелері бойынша заңнама нормаларын жетілдіру. Аталған өзгерістерге сәйкес:

- қызметтік тергеп-тексеру жүргізу, тәртіптік комиссияның материалдарды қарау және тәртіптік жаза қолдану тәртібі егжей-тегжейлі реттелді;
- қызметтік тергеп-тексеру тағайындауға уәкілетті лауазымды тұлғалар нақтыланды;
- қызметтік тергеп-тексеруді тағайындау, тәртіптік комиссияның отырысында материалдарды қарау және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау мерзімдері нақтыланды;
- карантин кезіндегі тәжірибені ескере отырып, ТЖ режимі қызметтік тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін тоқтата тұру негіздемесіне енгізілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Әдеп жөніндегі комиссиясына жекелеген саяси қызметшілер мен «А» корпусы адамдарының мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны және қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін жауаптылығын қарау өкілеттігі берілді.

Бұл облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдері, облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері.

Орталық атқарушы органдар комитеттерінің төрағалары және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдері аппараттарының басшылары, орталық мемлекеттік органдарда дербес лауазымдар атқаратын Әдеп жөніндегі уәкілдер.

Карантин кезеңінде жинақталған тәжірибені ескере отырып, тәртіптік комиссияның отырыстарын ВКС режимінде өткізу мүмкіндігі көзделді.

Енді Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Әдеп жөніндегі кеңестерінің отырыстары егер оларға кеңес мүшелерінің көпшілігі қатысса, құқықтық күші бар деп саналады.

Бұған дейін Әдеп жөніндегі кеңестердің отырыстарында қворумды қамтамасыз ету үшін отырысқа кеңес мүшелерінің үштен екісінің қатысуы қажет болатын, бұл іс жүзінде

қарамастан орындалуы керек. Сондықтан Кодекс мемлекеттік қызметшілердің қызметін моральдық-адамгершілік аспектіде реттеуге бағытталған және онда ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің өздері үшін маңызы бар қағидаттар мен құндылықтар туралы ақпарат қамтылған.

Мемлекет басшысының ұстанымдары мен заң талаптарын ескере отырып, мемлекеттік қызметтің қоғамдағы рөлі ашылды.

Яғни, Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайту, өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру және мемлекеттік қызметте парасаттылық атмосферасын құру мақсатын көздейді.

Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары айқындалды.

Яғни қызметтік әдеп мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;
- 2) адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас;
- 3) әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;
- 4) ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету;
- 5) сыпайылық – азаматтар мен өріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;
- 6) клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуре-

-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

Сонымен қатар қызметтік әдеп стандарттары көзделген.

Яғни, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын маңызды моральдық-адамгершілік талаптар, әріптестермен және қарым-қатынастағы талаптар айқындалды.

Олар мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және парасаттылық атмосферасын құруға бағытталған.

Қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларын ұстану талаптары сақталған.

Яғни, мемлекеттік қызметшілер жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлқы жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Осы стандарттарды бұзу тәртіптік жауапкершілікке әкел соғады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық органдары қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.

Яғни, Әдеп жөніндегі комиссия мен кеңестер, әдеп жөніндегі уәкілдер бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйелі және белсенді жұмыс жүргізетін болады.

А.НҰРСҰЛТАНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет саласын бақылау басқармасының бас маманы

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді жалпы аудандық сенбілікке белсенді қатысуға шақырамыз! Ол ағымдағы жылдың 2 сәуір күні сағат 9:00-де өтеді.

Барлық бастамашыл және немқұрайлы емес тұрғындарды шақырамыз! Сондай-ақ достарыңыз бен көршілеріңізге хабарлаңыз! Аулаларда, алаңдарда, саябақ аумақтарында тазалауды ұйымдастыру керек. Біз бәріміз бір ауданда тұрамыз және оның таза, әдемі және жайлы болғанын қалаймыз! Және бұл өзімізге байланысты!

Үндеуді барлық меншік нысандары мен салалары кәсіпорындарының, мекемелерінің, ұйымдарының еңбек ұжымдары, жалпы білім беретін мектеп оқушылары, көп пәтерлі үйлер мен жеке меншік үйлердің тұрғындары — біздің ауданды шын жүректен жақсы көретіндердің барлығы қолдайтынына үлкен үміт білдіреміз!

Бұл сенбілік-табиғатқа ұқыпты қараудың үлгісі. Біздің ортақ міндетіміз – туған өлкеміздің сұлулығын тазалық пен тұтастықта сақтау, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Мұнда біздің үйіміз. Ол таза, жайлы және жақық болуы керек. Өйткені, біз бірге және бірігіп қана ауданымызды бұдан да көркейте аламыз!

Барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшыларын қажет болған жағдайда сенбілікке қатысушыларды іргелес аумақтар мен аулаларда қоқыс жинауға арналған құралдармен, қолғаптармен, қаптармен қамтамасыз етуді сұраймыз. Қоқыс салынған қаптарды жол жиегіне қою ұсынылады. Оларды коммуналдық қызметтер алып кетеді.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

Приглашаем вас принять активное участие в общерайонном субботнике! Он состоится 2 апреля этого года в 9:00 часов.

Призываем всех инициативных и неравнодушных жителей! А также просим сообщить друзьям и соседям! Уборка должна быть организована во дворах, скверах, и парковых зонах. Мы все живем в одном районе и хотим, чтобы он был чистым, красивым и комфортным! А это зависит от нас с вами!

Выражаем большую надежду на то, что данный призыв будет поддержан трудовыми коллективами предприятий, учреждений, организаций всех отраслей и форм собственности, учащимися общеобразовательных школ, жителями многоквартирных домов и частных домовладений — всеми, кто искренне любит наш район!

Данный субботник - это пример бережного отношения к природе. Наша общая задача – сохранить красоту родного края в чистоте и целостности, сформировать экологическую культуру молодежи. Здесь наш родной дом, в котором должно быть чисто, уютно и светло. Ведь только вместе и сообща мы можем сделать наш район еще лучше!

Руководителем организации всех форм собственности, при необходимости просим обеспечить участников субботника инструментами, перчатками, мешками для сбора мусора на прилегающей территории и во дворах. Мешки с мусором рекомендуется выставлять на обочину дорог. Их будут забирать коммунальные службы.

AI-QAP!

ТАЛАЙ ҚАУІПТІ АЛКОГОЛЬ ТУЫНДАТАДЫ

Алкогольді сусындар кез келген адамның бірінші санасын ұласа, екінші оны адамгершіліктен жұрдай етіп, ар-намысын жер етеді. Яғни, адамдық келбетінен айырады. Көрген ата-бабаларымыз арақты бүкіл жамандықтың бастауы, кілті деп деп басып айтқан. Ұрпағын бұл лас судан алыша ұстауға тырысқан. Себебі, қазақ халқының тарбиесінің негізгі тірегі адамгершілік.

Қазір ішімдік атаулының дәурені жүріп тұрған бір кезең. Не ішімін, қандайын ішімін деп басты ауыртпайды жұрт. Ақшаңыз болса болды. Жариялық заманы сияқты, ішімдік атаулыға да бостандық жүріп тұр. Осының себебінен ішімдікке әуестенушілердің жыл сайын көбейіп бара жатқаны ешкімге құпия да емес. Ең бастысы, денсаулықты құртып, адамның санасын ұлап, адамгершілік асыл қасиеттерінен жұрдай ететін ішімдік салынуудың соңы қасіретті оқиғаларға да соқтырып жатады.

ІІҚ сараптамасының негізінде айтсақ, адам қолынан жасалған ауыр қылмыстардың 60 пайызына жуығы қылмыскердің мас күйінде орын алатыны дәлелденді. Ал ТЖК жүргізген талдау ақпараттары жыл сайын елімізде өрттен қазаға ұшырағандардың 80 пайызы олардың ішімдік ішудің кесірінен болатынын көрсетіп отыр. Кей деректерде мас күйде шылым шегуден қайғылы жағдайдың орын алатынын аңғартқан. Өдетте талай жұрт алкогольді сусын ішкен соң төсекте жатып шылым тартады екен. Себебі адам арақ ішкен мерзімде санасы ұланып, не істеп, не қоюы тежеліп, ойлау жүйесі, сақтану қабылеті төмендейді. Осының кесірінен өрт шығып, онда кінәлі адамның қаза табуына әкеліп соғады.

А.ДУБЕКОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ бас маманы

ҚАУІП ЖОҚ ДЕМЕҢІЗ...

Улы газ – өнімдерінен шығатын ең улы компоненттердің бірі. Иіс тию адамның қиын жағдайға өкелуі мүмкін, кейде өлімге әкел соқтырады. Улы газдың иісі де, түсі де, дәмі де жоқ, ал ол жан процессі бар барлық жерде, тіпті пеште пайда болады. Өкінішке орай, оның құрбандары көбінесе адамдар.

Өдетте, тұншықтырғыш газбен ұлану ақаулы жұмыс пешпен жылыту нәтижесінде, өрт ошағында адам болған кезде, қозғалтқышы қосылған жабық автомобильде басталады. Тыныс алу кезінде азаға түсу, ол окпеден қан жүйесіне өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде қан оттегі тасымалдау және жеткізу қабілетін жоғалтады және дене өте тез оның жетіспеушілігін бастан бастайды. Бірінші кезекте ми зардап шегеді, бірақ зақымдану мүмкін басқа да ағзалар – жалпы денсаулық жағдайына байланысты.

Улы газ қауіпті, ол тез және байқаусыз әрекет етеді. Сондықтан өмір мен денсаулық қабылданған шаралардың жылдамдығына байланысты. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

Алишер ДУБЕКОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ бас маманы

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШТАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің бастамасымен egov.kz. электронды үкімет порталы арқылы электронды қызмет алу үшін Ескелді ауданындағы 11 ауылдық округ әкімі аппараттары, білім бөлімі, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, жұмыспен қамту орталығы ғимараттарында «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» іске қосылған.

Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының басты мақсаты – қызмет алушыларға барынша жағдай жасау, қызмет беруші мен қызмет алушы арасындағы бетпе-бет қарым-қатынасты болдырмау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, халық арасында egov.kz. электронды үкімет порталын таныпал ету.

Егер сіздің үйіңізде дербес компьютеріңіз болмаса, электронды-цифрлық қолтаңбаңыз болған жағдайда Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ ауылдық округ әкімі аппараттары ғимараттарындағы «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» арқылы электронды қызметтерді алуыңызға болады. Бұл жоба әсіресе, шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын қызмет алушылар үшін өте қолайлы.

Мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

2022 жылдың 4-23 сәуірі аралығында, Қарабұлақ ауылы (Қаратал өзенінің жағалауындағы ағаштардың арасында), Сырымбет ауылы (ауылдың сыртындағы таулы аймақтарда), Алдабергенов ауылы (стадионы, орталық саябақ, ерқерткіш маңайы), Көкжазық ауылы (ашық демалыс аймағы) кене энцефалитіне қарсы профилактикалық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. 45 күнге дейін мал жаюға, саңырауқұлақ жинауға тыйым салынады.

ҚР ДСМ СЭББК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының Ескелді аудандық бөлімшесі

ВНИМАНИЕ!

В населенных пунктах Карабулак (лесопосадка вдоль реки Каратал), Сырымбет (предгорная местность за населенным пунктом), с. Алдабергенова (стадион, центральный парк возле памятника), с.Кокжазык (открытая зона отдыха), с 04 по 23 апреля 2022г будет проводиться профилактическая дезинсекция по борьбе с клещами. В связи с этим, жителям выше указанных населенных пунктов Запрещено в течении 45 дней с момента проведения обработки выпас скота, отдых на природе и сбор грибов.

Ескельдинский отделения филиал РГП на ПВХ «Национальный центр экспертизы» КСЭК МЗ РК по Алматинской области

ЖАҢАРУ ЖӘНІ ЖАҢҒЫРУ

Өз келді, жадырап жұрт жүзіне жаз келді.



Бұл – Ұлық күн. Жаңару дәуірі, жасару кезі. Содан болар баба жұрт Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Біз үшін де өзге мерекеден Наурыздың бәсі биік. Қазір жыл басын тойлау жер-жерде, ел-елде жүріп жатыр. Біреу – алтыбақан құрып әлек, біреу – аламан шаптыруда. Иісі қазақ зерлі шапан, көмшат бөрік киіп жүр. Бір өкініштісі, бұл – өз-Наурыздағы ғана көрініс.

«Аяз би» ертегісін білетін боларсыз. Өлгі құстың, адамның, шөптің жаманын іздейтін хикая. Сол ертегіде адамның жаманы хан болып, таққа отырғаннан кейін төріне ескі шапанын ілдіріп қойыпты. Мұндағы мақсаты – өткенін ұмытпау, кешегісін жадына түсіріп отыру. Ал бізде ол да жоқ. Ілулі шапан түгіл, баба жұрт қолданған бір бұйым жоқ. Төрімізде картина тұрғанды құп көреміз. Өркениеттің озық үлгісі ғой.

Сіз де, біз де қазақпыз. Біріміз ата сақалымыз ауызға түскенмен, біріміз баталы сөз айтқанмен, кешегі Ұлы бабалардың тек қана ұрпағымыз. Бізге жетті, бізден кейінгіге жеткізу мұрат емес пе? Адамның басқа мақсаты бар ма? Жалпы пенде дегенің бар-жоғы өткізгіш қана. Алдыңғы буыннан қабылдап аласың, кейінгіге өткізесің. Бұл тәмсіл емес, әуелі Құдайдан, содан соң табиғаттың заңнамасы. Ал біз сол заңнан неге аттаймыз? Аттамаймыз деңіз, мақұл делік, төріңізде домбыра ілулі тұр ма? Ер жігіттің сенімді серігіне айналған қамшы бар ма? Зерделі шапан киіп жүрсің бе? Өкініштісі сол Наурызда бой көрсететін мұндай жабдықтар тек «ұлттық киім» деген атқа лайық болып тұр. Біздің танымда «ұлттық киім» тек

ұлттық мейрамда ғана киілу керек, өзге уақытта орны сандықта. Құй сеніңіз, құй сенбеніңіз, елу жылдан соң ұрпағымыз, сіздің және біздің ұрпақ бұл «ұлттық киімді» тек мұражайдан көрмесіне кім кепіл? Демек, қажеттісі жаңғыруды киімнен бастау қажет. Тұрмыста ақсақал болсын, қария болсын шапан киіп жүрсін, басына тақия не болмаса бөрік киісін. Әйелдер кимешегін тағып, қамзолын киіп жүрсін. Рухани жаңғыру – құр айқаймен жартастан жаңғырық шығару емес, тұтас ұлттың өткенін тірліту. Өткеніміз қазақшылық. Демек атымыз ғана қазақ емес, затымыз да қазақ болуы тиіс.

Сосын тағы бір жайт, қазір аса бір мәселе бола қоймас, бірақ он-он бес, бөлкі жиырма жылдан соң «ай-қап» деп санды ұратын бір жайт орын алуы мүмкін. Қазақтың бар дәстүрі мен салт-санасын бойына жиған табақ тарту әдеби жойылады. Ол рас, қазір үлкен кісілер бар, олардан аз-маз үйренгендер бар-да бұл мәселе болмайды. Ал олардың көзі кетсе ше? Көрі жілік күйеуге, асық жілік келінге, құйымшақ нағашыларға, құдаға омыртқа ұсынылуы да ғажап емес. Өйткені табақ жасау, табақ тарту дәстүрін кейінгілерге үйретіп жатқандар аз.

Ұлттың ұлт болмағы тілінен, дәстүрінен, салт-санасынан, ділінен. Қазір әлемде болмысын жоғалтқан қанша ұлт бар? Көп. Жаһандандудың желігімен, өркениеттің желеуімен бет-бейнесін қанша ұлт жойып алған. Рухани жаңғыру – келешекке қазақтың бет-бейнесіз бармауын қамтамасыз етеді. Ал бұл жаңғырудың бастауы отбасындағы бала тәрбиесінен басталады. Қазір сапалы ұрпақ тәрбиелеу басты мақсат. Ал сапалы ұрпақ ұлт келешегін сапалы етпек.

Д.САДЫҚ

Мұхтар Мағауин:

«ҚОРҒАН»

КӨМБЕ

Мүлде масқара болдық. «Есік қорғаны...» «Қазақ даласындағы ежелгі сақ қорғандары...» Қайдағы қорған, қандай қабырғалы қамал? Орысшаға көшірсек, «крепость», немесе «крепостные сооружения» – бекіністі құрылым екен. Біздегі қаптап кеткен «қорған» – сол орыстың түркіден еніп, мүлде басқа мағынаға ие болған «қурган» сөзінің нақпа-нақ көшірмесі. Бірақ айттық, қазақша «қорған» сөзінің жалғыз-ақ мағынасы бар – қамалды, қабырғалы берік шеп. Ал Есіктегі – Алтын адам табылған, Алтайдағы Құдырғы, Пазырық және басқа да тарапты біразы зерттелген, көпшілігі сол қалпында тұрған, қазыналы немесе әлі де ашылмаған, жұмбақ кейіпті, қадым замандарда елбасы, рубасы, батыр, бағлан көсемдер жерленіп, қабір үстіне қолдан үйілген үлкенді-кішілі, қисапсыз, жасанды төбешіктердің қазақтағы бағзы, күні бүгінде әдеби қолданыстағы атауы – «қорым!» Кейде «мықтың үйі» деп те аталады. Бала кезімізде үлкен әкелеріміз: «Қазақтан бұрын бұл өлкеде мық деген халық болыпты, солардан қалған белгі» деп ұғындыратын. Аңыз, ауызекі айтылым бойынша «мықтың үйі» деңіз, оған арнайы түсінік қажат деп санасаңыз – жалпыға ортақ, әдеби «қорым» бар – тек қана «қорған» емес! Біздің қазақша түртпейтін шалағай тарихшыларымыздың орысша жазылған еңбектері арқылы таралған «қурган» қазақшаға «қорған» қалыбында қотарылып, тарихи таныммен қатар, таза тілімізді де бүлдіріп жатыр. «Есік қорғаны...» емес, осы шаршыда және басқа да төбешік, төмпешіктердің орнында ешқашан ешқандай «қорған» болмаған, әуел бастан-ақ тасты, топырақты үйемек – «қорым!» «Есік қорымы», «сақ қорымдары» – міне, дөп осылай. (Көне қыпшақ және қазіргі кейбір түрік тілдерінде «оба». Мәселен, Қырымдағы, әлемге әйгілі мәдени, тарихи қазыналар шыққан «Күл-Оба» және соған қарайлас «Қара-Оба», «Алтын-Оба» һәм басқа да «обалар». «Оба» жалғанымы Қазақстан шегіндегі кейбір қорымдар атауында сақталған, айталық, Батыс елке, Берлідегі «Қырық-Оба». Алайда, жекелей алғанда, қазіргі қазақша «оба» сөзінің мағынасы мүлде басқаша: бұл – әдетте тоқал төбешік, шоқы биіктер басында атаулы белгі, немесе қарауыл көлегей ретінде тастан қалап, орнықты тұрғызылған, асса кісі бойы, немесе одан да аласа, ұзыншақ, көрнекі нысан.)



Афоризмдерді біз ежелгі дәуір әдебиет өкілдерінің шығармаларынан кездестіреміз. Мысалы, Қорқыттың «Қыз анандан көрмейінше өнеге алмас, ұл атадан бата алмай сапар шекпес» деп ата-ана тәрбиесі туралы айтса, «Төкап-парлықты төңір сүймес» дегенде адам бойындағы жаман қылықты сыңға алады. Жүсіп Баласағұнның да «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды», «Кісі алдындағы асқа қол созбас болар», «Жақсылардың ісін өсекшілер бұзады» сияқты афоризмдерінің тәрбиелік мәні зор. Қожа Ахмет Йассауидің «Нағыз махаббат қысқа ғұмырынды ұзартады» деп адам өмірінде ойып тұрып орын алатын махаббаттың қаншалықты құнды дүние екендігін айтқан. «Сөзі тәтті, мінез-құлқы жүз мың түрлі» дегенде екіжүзділік пен жылтырағанның барлығы алтын емес дегенді басты назарға алған.


Жыраулар поэзиясында да афоризмдер жиі ұшырасады. Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау толғаулары тұнып тұрған афоризмдер. Асан қайғы «Жеңемін деп біреуді, өтірік сөзбен қостама», «Құйрығы жоқ, жалы жоқ – құлан қайтіп күн көрер?! Аяғы жоқ, қолы жоқ – жылан қайтіп күн көрер?!» десе, Шалкиіздің «Жоғары қарап оқ атпа, жуық түсер қасыңа», «Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық-ты», Ақтамбердінің «Сәрі ақсайды ақылдан, ер ақсайды жақыннан», «Қару алсаң мылтық ал: тарың ашса тамағың, жаяу жүрсең тағың», «Түйе мойнын тұз кесер, жігіт мойнын қыз кесер, жомарт қолын тұз кесер», Үмбетейдің «Баласын мақтар бас жаман, қатынын мақтар қас жаман», Бұқардың «Қызға қылық болмаса, құр шырайдан не пайда?» «Жаманмен жолдас болсаң, көрінгенге күлкі етер, жақсымен жолдас болсаң, айырылмасақ серт етер»-деп бірліктің басталатын қайнар көзін ашып береді.

Сайын даламыздың кеңдігіндей дархан еліміз екі сөздің басын құрап, нақыштап сөйлеуге шебер болғаны жоғарыдағы мысалдардан-ақ белгілі болды. Баба мұрасына жастайынан қанып өскен қазақтың бас ақыны Абайдың ғажиясында да, өлеңдерін де афоризмдер молынан кездеседі.

ҚАНАТТЫ СӨЗЫНІ ҚАНАТ ҚАТАЙСА...

Қара сөздің мәйегі – мақал, қаймағы – афоризм. Афоризм – өткір нақыл сөз. Даналық ойлардың тобықтай түйіні көңілге қонымды тіркестерімен шымыр өрілгенде сананы бір серпілтіп тастары анық. Әлем классиктері де афоризмге өзінше анықтама береді. Кармен сільва: «афоризм ара сияқты: онда улы тілмен қатар алтын түстес бал да кездеседі» десе, георгий александров «афоризм – адам ойының алгебрасы» дейді.

Мысалы, «Өзіміздік - адамды бұзатын пиғыл», «Естілердің айтып жатқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі есті болады», «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы» т.б. Ыбырай Алтынсариннің афоризмдеріне тоқталсақ, «Нәрсенің сыртына қызықта, асылы ішінде болар», «Көңіліңді, бойыңды мөлдір бұлақтай таза ұста», деп бүгінгі күнге дейін өз құнын жоймаған асыл сөздерін қалдырды. Жыр алабы Жамбылдың да афоризмдері баршылық. «Ел байлығы-өзімде, сөз байлығы-тілімде», «Ақын ғаріп емес пе, Байды өтірік мақтаса, Заман ғаріп емес пе, Әділеттен аттаса», «Сөздің саласын табу қиын емес, анасын табу қиын». Шәкәрім Құдайбердіұлының афоризмдері: «Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенін біле бер» деп өсиет сөздер қалдырған. Санамалай берсек осы аталғандардың әрқайсысында жеке тақырып етіп тоқталып, зерттеп шығуға жетерлік қанатты сөздер бар. Қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұвтың да «Білім-бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де, келістіріп істейді», «Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? деген афоризмдері көпке мәлім. Қадыр Мырза Әлінің қазақ әдебиетіне қосқан елеулі үлесі – оның афоризмдері. Ақынның афоризмдері ұшқыр оймен жазылып қана қоймай, адамның санасына сәуле түсіреді. Афоризм туралы ақын өзінше былай толғанады: «Афоризм дегеніміз-белгілі бір күні басталып, белгілі бір күні біте қалатын шығарма емес. Ол ғұмыр бойы айтылып, ғұмыр бойы қағазға түсіп өмірдің соңғы сәтіне дейін созыла беретін, жалғаса беретін дүние. Афоризм – қызық жанр. Ол негізінен ауыз



әдебиетіне жатады. Ауызша тарайды. Біреу айтады, біреу қағып өкетеді. Содан кейін қағазға түседі. Өкінішке орай, ауыздан шыққанның бәрі қағазға түсе бермейді. Қағазға түскеннің бәрі бірдей кітапқа кірмейді. Кіргеннің бәрі бірдей тарихта қалмайды. Олар де екшеленеді... Қанатты сөз болуға лайық, тартымды тіркес менің аузымнан бірінші рет қашан шықты? Ол жағы маған беймәлім. Есімде жоқ. Адам өз сөзін өзі бағалай бермейді. Сөзді қадір-қасиеті кейін, біраз кейін келеді. Осы бір керек дүние-ау деген тіркестерді қағазға түсіре бастағаным небәрі он-он бес-ақ жыл» болды деп толғанады. Ақын өзінің керек-керек, ең жақсы деген қанатты сөздерін іріктеп 2000 жылы «Жазушы» баспа-

сынан «Алмас жерде қалмас» деген атпен жарыққа шығарды. Қадыр Мырза Әлінің бірсы-пыра афоризмдері «Алматы ақшамы» газетіне, 2009-2010 «Алматы ақшамының кітапханасы» деген айдарда шығып жүрді. Бейсенбіден бейсенбіге дейін деп апта сайын ақынның «су жаңа афоризмдері» жарияланып тұрды. «Тіл және қоғам» журналына да «Өнеге» айдарына Отан, туған жер, тіл және адамгершілік тақырыбындағы-біршама афоризмдері берілген.

Ал афоризмдерінің тақырыбына келер болсақ сан алуан. Ал адамгершілік, асыл қасиеттер хақында оның мынадай афоризмдері бар: «Ең таза адам – ары таза адам», «Ары таза адамның ұйқысы тыныш», «Ардың бағасы

ақшамен де, алтынмен де өлшенбейді» дей келіп «Адамгершіліктің падишасы – ар-ождан» деп өкінің бірі айта алмайтын қорытынды жасады. Ер мен әйел тақырыбын да тілге тиек еткен ақынның «Әйел өзі ештеңе істей алмаса да, күйеуіне істетуге шебер», «Әйелдің екі-ақ жолы бар: не алдау, не алдану», «Кемпірді кемпір демей, көп жасаған қыз деу керек» «Әйел жеңе алмайды, жеңдірмейді де», деп ұтымды түйінге келген. Мұндай басқа көптеген өзекті тақырыптарға тоқталған ақын, ешқашан ақшамен сатып алуға болмайтын денсаулық туралы «Ыңқыл аурудың қайырмасы», «Кейбір ауру дерттен емес, емнен өледі», «Ауруды сыйлап төрге сүйрелесең, ол сені қинап көрге сүйрелейді», «Сау кезінде жүгірмесең, ауырғанда тызақтайсың» деген афоризмдерді айтып денсаулықтың қадірін ауырғанда білетініміз жайында «Жені бар нені де аңсаудың, аурудың арманы-денсаулық» деп түйіндейді.

Саналы жанға сәуле шашатын ойдың бір ғана сөйлемге кіріп, үлкен бір тақырыпқа жүк боларлық салмақ арқалап тұрғанына куә боларсыз. Бала кезімізде жоғарыда келтірілген афоризмдердің барлығын дерлік ата-анамыз бен ата-әжеміздің аузынан естіп, мағынасына қанық болдық. Нәтижесінде, сөзге тоқтайтын қазақы қасиет, тағлым мен тәрбиеге сусындап өстік. «Әннің де естісі бар, есері бар» демекші, қазақтың афоризмдерінің өнеге-өсиетке толыларын іріктеп, болашақ ескелең ұрпақтың тәрбиесінде қолдана білсек, қанатты сөзбен қанаты қатайған жас жеткіншек келешекте ардың жүгін арқалап, адамгершілік парасат-пайымы мол азамат болып қалыптасатыны сөзсіз!

А.САҒЫНТАЙ

<p>Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15</p>	<p>Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.</p> <p>Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru</p> <p>Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.</p>	<p>Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаха- насында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.</p>	<p>Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.</p>	<p>Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1050 Көлемі 2 баспа табақ.</p> <p>Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.</p>
---	--	---	--	---